



Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 4 наурыздағы N 1/02 "Алматы қаласында кәмелетке толмағандардың демалыс орындарында болуы туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 1/76 қаулысы.
Алматы қалалық Әділет департаментінде 2005 жылғы 25 мамырда N 659 тіркелді.
Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 5/803 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.12.11 N 5/803 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345-ІІІ "Қазақстан Республикасындағы баланың құқығы туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 4 наурыздағы N 1/02 "Алматы қаласында кәмелетке толмағандардың демалыс орындарында болуы туралы" қаулысына (Әділет басқармасында 2002 жылғы 17 қаңтарда N 422 тіркелген, "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде 2002 жылғы ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда берілсін:

"Түн мезгілінде (сағат 23.00 ден таңғы сағат 6.00-ге дейін) кәмелетке толмағандардың ата-анасының (қамқоршыларының) ілеспейінше қаланың демалыс орындарында (саябақтағы аттракциондар, кинотеатрлар, түнгі клубтар, компьютерлік клубтар, ойын автоматтар залы, мейрамханалар, барлар, кафелер, бильярд клубтары, казино) болуына шек қойылсын".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары Қ. Боқашқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі *И. Тасмағамбетов*
Әкімшілік хатшысы *К. Тәжиева*

